

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 ақпандағы N 148 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 1 тамыздағы N 1201

"1997 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 18 маусымдағы Заңын және "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1737 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 9 шілдедегі N 1088 P971088_ қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының 1997 жылға арналған инвестициялық бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 ақпандағы N 148 P970148_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақтың үшінші абзацындағы "3400" деген сан "2205.536" деген санмен ауыстырылсын";

2-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Мемлекеттік сатып алулар жөніндегі агенттігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3 және 4-тармақтардағы "Экономика министрлігі" деген сөздердің "Экономика" деген сөзінен кейін "және сауда" деген сөздер жазылсын;

5-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қаржы-валюталық бақылау комитеті" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "Ұлттық статистика агенттігі" деген сөздердің алдынан "Экономика және сауда министрлігінің" деген сөздермен толықтырылсын;
осы қаулының 1-қосымшасына:

"Барлығы" деген жолдағы "259.36", "18.04", "6.702", "2.974" деген сандар тиісінше "205.91", "17.79", "1.653", "2.211" деген сандармен ауыстырылсын;

"Заем иесі" деген бағанындағы 2-тармақтағы "Мұнайгазмині" деген сөз "Қазақойл" ҰМҚ" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Заем иесі" деген бағанындағы 3-тармақтағы "Суресурскомы" деген сөздің алдынан "Ауылшарминінің" деген сөз жазылсын;

7 және 9-тармақтар алынып тасталсын;

8-25-тармақтар тиісінше 7-23-тармақтар болып саналсын;

8-тармақта:

"1997 жылы қаржыландыру" деген бағандағы "5.278" және "2.443" деген сандар тиісінше "0.229" және "1.68" деген сандармен ауыстырылсын;

"Заем иесі" деген бағандағы "Семей облысының әкімі" деген сөздер

"Шығыс Қазақстан облысының әкімі" деген сөздермен ауыстырылсын;

12-тармақта:

"1997 жылы қаржыландыру" деген бағандағы "5.4" деген сан "1.13" деген санмен ауыстырылсын;

"Заем иесі" деген бағандағы "Құрылысмині" деген сөз

"Экономсаудаминінің Құрылыс агенттігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Заем иесі" деген бағандағы 13-тармақтағы "Біліммині" деген сөз

"Білім және мәдениетмині" деп жазылсын;

21-тармақтағы "1997 жылы қаржыландыру" деген бағандағы "1" деген сан "0,5" деген санмен ауыстырылсын;

23-тармақтағы "1997 жылы қаржыландыру" деген бағандағы "50" деген сан "2.3" деген санмен ауыстырылсын;

осы қаулының 2-қосымшасына:

1, 2, 5, 6 және 9-тармақтар алынып тасталсын;

3-15-тармақтар тиісінше 1-10-тармақтар болып саналсын;

"Тапсырыс беруші" бағанындағы 5-тармақтағы "Қызыл-Орда" деген сөз "Қызылорда" деген сөзбен ауыстырылсын;

Мынадай мазмұндағы 11-тармақпен толықтырылсын:

"Ауыл шаруашылығы

II Талдықорған электртіеу

насостар заводы,

Талдықорған қаласы

іске қосу-баптау

жұмыстары - - 1997";

осы қаулының 3-қосымшасына:

қосымшаның мәтіні бойынша:

"Қызыл-Орда" деген сөз "Қызылорда" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Суресурскомы" деген сөздің алдынан "Ауылшарминінің" деген сөз жазылсын;

"Көкшетау" деген сөз "Солтүстік Қазақстан" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Қостанай" деген сөз "Қостанай" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Торғай" деген сөз "Қостанай" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Біліммині" деген сөз "Білім және мәдениетмині" деп жазылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК